



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жангыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

5. Salgado, S. (), ‘Online media impact on politics. Views on post-truth politics and post-postmodernism’, International Journal of Media & Cultural Politics, 2018.
6. Tambini, Damien.. “Fake News: Public Policy Responses”. Media Policy Brief 20. London: Media Policy Project, LSE 2017.; and <http://www.bbc.com/future/story/20170301-liespropaganda-and-fake-news-a-grand-challenge-of-our-age>
7. Smith, Mikey. “How Facebook, Fake News and Personalised Ads Could Swing the 2017 Election - And What You Can Do About It.” The Mirror, May 8, 2017. <https://www.mirror.co.uk/news/politics/how-facebook-fake-news-personalised-10382585>
8. Norman, V., Benjamin, A., Terri-Anne-Teo, Shashi, J., Muhammad, F., Juhi A., Fake news: national security in the post-truth era . Rajaratnam School of International Studies, 2018
9. Moynihan, D. Daniel Patrick Moynihan. New York: Public Affairs , 2010.
10. Scriber, B. «Poynter.» Who decides what’s true in politics? A history of the rise of political fact-checking, 2016: 20-28
11. Stencil, M. «. Fact-checking booms as numbers grow by 20 percent» Duke Reporters Lab, 2017: 20-29.

Мақала авторы - Калдыбекова Айдана
Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ. Кемеңгерұлы к. 8|1
8 775 7426802
Ғылыми жетекшісі Жанпейісова Қ.Д.
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ,
саясаттану кафедрасының доценті, с.ғ.к.,

Калиаскарова Гүлназ Базарбекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
журналистика және саясаттану факультетінің докторанты
gulnaz.ciom@mail.ru
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МИГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗ

Abstract: This article examines the world and current migration processes in the country. In addition, the article provides a comparative analysis of the processes of intellectual migration that began in the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation with the collapse of the USSR in the early 90s. The role of migrants in the world labor market, the role of human capital in the economic, social, and political development of the country. The reasons of brain drain and ways to regulate it are considered as well.

Key words: intellectual migration, brain drain, scientific workers, international labor market, education, migration policy.

Әлемдік экономикалық кризис жағдайында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында халықаралық жоғары маманданған миграция үлкен роль атқарады, яғни интеллектуалды миграция. Ғылыми кадрлар, оқытушы, ғалымдар, өнер қайраткерлері және де басқа да жоғары білікті мамандар халықаралық еңбек нарығының негізгі сегментін құрайды. Американдық ғалым П.Друкердің айтуынша: «дамыған экономиканың нағыз капиталы білім, ал интеллектуалды еңбектің жұмыскерелері қоғамның құндылықтары мен нормаларын анықтайтын топқа айналды.[4] «Интеллектуалды миграция» ұғымы алғаш рет

1962 жылы Британия корольдік қоғамының есебінде айтылды және ол Ұлыбританиядан АҚШқа эмиграция жасаған ғалымдар мен инженерлерді меңзеген. Сол кезден бастап бүкіл әлем бойынша интеллектуалды миграция белең алып мемлекеттердің экономикасына әсер ете бастады.

XX ғасырдың 40-50 жылдары ақыл-ой ағыны дарынды ғалымдар мен университет түлектерінің Еуропадан кетуімен сипатталады. Олардың көбі Канада, Австарлия әсіресе АҚШ-тың ғылыми орталықтарына бет алды. 1950-60 жылдар аралығында АҚШ-қа 100 мыңға жуық жоғары білікті мамандар келген, олардың көпшілігі Еуропа елдерінен. Бұл жағдай Американың ғылымы мен экономикасының дамуына оң әсерін тигізді. Бұндай біржақты миграция ФРГ, Ұлыбритания, Италия, Франция елдерінің экономикасына кері әсерін тигізе бастады. «Ақыл-ой ағыны» салдарының қаупі тез арада шешім қабылдауды талап етті, яғни дамушы елдерден ғалымдарды шақырту қолға алынды.[2]

Ал АҚШ-та еңбек мигранттарының қабылдану тәртібі қатаңдатылды. 1965 жылға дейін мигранттың ұлты және жасы қарастырылса, енді иммигранттардың білімі мен біліктілігінің көрсеткіштері маңызды болды. Ресми деректер бойынша 1966-69 жылдар аралығында 43 мың инженерлер мен ғалымдар АҚШ-қа қоныс аударған. Осындай өзгерістер Батыстың дамыған елдерінде де жүріп жатты. Осылай Ұлыбритания, Франция, Германия, Канада интеллектуалдарды жеткізе ете отырып, дамушы елдерден мамандарды қабылдауды үдетті, осылайша «ақыл-ой ағынының» орны басқа білікті мамандармен толып отырды. Осының салдарынан дамушы елдерде жоғары білімді және орта білімді мамандардың тапшылығы біліне бастады.

Бұндай миграциялық жағдай «ақыл-ой ағыны» түсінігіне көзқарасты өзгертті, енді оны «кедей және индустриялық орталықтардан тыс жерден келген дарынды және жоғары білікті индивидттердің миграциясы» деп қарастырды. Сол кездегі ғалымдардың негізгі жеткізушілері Азия, Латин Америка дамушы елдері мен Африка болды. 1961-88 жылдар аралығында тек АҚШ, Ұлыбритания және Канадаға 500 мыңнан астам мамандар көшкен, олардың басым көпшілігі ғалымдар, инженерлер медицина саласының жұмыскерлері. [5]

Өткен ғасырдың 90-жылдарында интеллектуалды миграцияның құрылымы ағынына Кеңес Одағының ыдырауы үлкен әсерін тигізді. Азаматтардың шетелге бару және келу режимдерінің либерализациясы, ғылыми қауымдастықтардың қолжетімді бола бастауына байланысты Батысқа бұрынғы КСРО елдерінің территориясынан және Шығыс Еуропа елдерінен миграциялық ағындар басталды. Алайда бұл үрдіс осы күнге дейін жалғасын тауып келеді және халықаралық ғылыми кадрлардың нарығына елеулі әсер етуде.

2.1 Күрделі және әртүрлі миграциялық ағымдарды құрылымдау үшін миграцияның негізгі заңдылықтары мен уақыт аралықтарын айқындау қажет. Жалпы алғанда КСРО ыдырағаннан кейінгі Қазақстандағы 25 жыл ішіндегі миграциялық тенденцияның көрінісі мынандай: 1990 жылдағы мәжбүрлі эмиграция елінен республика 2000 жылдардағы еңбек миграциясы еліне айналды. 1990 жылдарда еңбек миграциясы болғанымен, екі уақыттағы миграция ағындар екі түрлі боды. 1990 жылдары ішкі және сыртқы еңбек миграциясына тек Қазақстан Республикасы азаматтары ғана қатысқан болса, ал 2000 жылдардың басында мемлекетіміз Орталық Азиядан еңбек мигранттарын қабылдайтын аймақтық орталыққа айналды. Оған қоса 1991 жылдан бастап Қазақстан әлемнің түкпір түкпірінен этникалық қазақтарды репатриациялау саясатын жүргізе бастады.[7]

Қазақстанның саяси шешімдер институтындағы 2010 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі бойынша нақты эмиграция және шегерілген мигарциялық көңіл-күйдің сақталуы сезіледі.[7] Көптеген ата-аналар балаларын шет-елдерге оқыту мақсатымен қатар олардың сол елге қоныс аударғанын қалаған.

Көптеген жастар шет елдердің жоғары оқу орындарында оқып жүргені белгілі, бұл жағдай уақытша болғаныменде келешекте қайтарымсыз миграцияға айналу қаупі өте жоғары.

Өкінішке орай елімізде болып жатқан миграциялық процестердің себептері толық зерттелмегендіктен, салдары да қандай болатыны белгісіз. Қазіргі кезде Қазақстан және Ресейде болып жатқан эмиграциялық процестердің келесі түрлерін көрсетуге болады: зияткерлік, шығармашылық интеллигенцияның эмиграциясы, споршылардың және орта білімді мамандардың эмиграциясы.

Орта білімді мамандардың эмиграциясы – «бұлшықет ағыны» - еңбекке жарамды жастағы, бірақ жоғары білімі немесе кәсіби дағдығы жоқ адамдарды айтамыз. Бұл топтың бір ғана мақсаты – кез-келген жұмысқа орналасып ақша табу.

Келесі эмиграциялық топты шет елдерге шетел азаматтарымен тұрмыс құрып кетіп жатқан қыздар мен әйелдер қауымы құрайды. Бұл үрдісті «қалыңдықтар ағыны» деп айтуға әбден болады.

Шығармашық интеллигенцияның кетуін «дарындылар ағыны» деп сипаттауға болады. Соңғы жылдары Батысқа көптеген әртістер, әншілер, кинорежиссерлары және басқа да өнер иелері кетуде. Бұндай миграциялық үрдістерден болып жатқан шығын өте жоғары, оған қоса ол ұлттың элитасының жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Қазақстан үшін де Ресей Федерация үшін де «ақыл ой» мәселесі белең алып келе жатқаны белгілі. Яғни элиталы мамандардың, ғалымдардың жоғары білімді мамандардың елден кетуі. Ғалымдарымыздың шет елдерге кету мәселесі екі жақты тұрғыдан қарастырылуы тиіс. Біріншіден еліміздің «ақыл-ой ағыны» болса, екіншіден ғылыми зерттеу саласындағы жаһанданудың бір көрінісі ретінде қарастыру қажет.

Соңғы жылдары адамзат өз дамуының жаңа инновациялық кезеңіне ауысты деп айтылады. Бұл кезеңнің ерекшелігі жеке индивидтердің біліміне аса назар аударылады. Көптеген халықаралық ұйымдардың айтуынша білім тек дамыған елдерге ғана емес, сонымен қатар дамушы елдерге де қажет. Әсіресе дамушы елдерге ғылыми-техникалық жетістіктерге жету үшін оқу-білімнің электрондық банкіне қолжетімділігі өте маңызды. Осы тұрғыдан адами капиталға мән берілуі керек, бұндай инфраструктураны дамыту өндіріс және тұтыну саласындағы тәжірибелер мен білімді одан әрі дамуына және оны пайдалануға ықпалын тигізеді. Сондықтан әлемдік еңбек нарығында адам ол білім иегері.[1]

Ғалымдардың өз елінен басқа шет елге қоныс аударудың себептері – жалақының төмен болуы, олардың еңбектерінің қажетсіздігі, бұлыңғыр болашақ. Ғалымдарымыздың Батысқа кетуінің себебі тек жоғарғы мөлшердегі жалақы ғана емес сондай-ақ олардың мәртебесіне деген сыйластық.

Интеллектуалды эмиграция – дегеніміз жоғары білімді азаматтардың елден кетуі. Ресей азаматтарының 13,3% ғана жоғары білімді немесе аяқталмаған жоғары білімді болса, эмигранттардың арасында 20% жоғары білімді азаматтар. Және білім мінездемесін қарастырғанда бұл көрсеткіштердің ұлғаятынын байқауға болады. Мәселен Австралияға кеткендердің 60%, Канадаға – 59%, АҚШ – 48%, Израильге – 32,5% жоғары және аяқталмаған жоғары білімдері болған. Осы кеткендерің әрбір оныншысы ғылым докторы немесе кандидат болған.[3]

Ал елімізде болған ақыл-ой ағыны тәуелсіздік алған жылдармен тұспа-тұс келіп 2000 жылдарға дейін жалғасты. Одан кейін жағдай реттеле бастады, енді интеллектуалды миграция әлеуметтік, экономикалық және жеке мақсаттарды іске асыру себептеріне байланысты болды. Көптеген интеллектуалды мигранттардың басқа елдерге кетуінің себептері жалақының төмендігі, ғылыми мансап, яғни дамыған мемлекеттердегі зертханалардың жаңа технологиялық құрылғылармен жабдықталуы, жас мамандардың жұмысқа орналасудағы көптеген кедергілердің төмендігі. Мемлекеттік статистиканың мәліметтері бойынша 1994-2004 жылдары Қазақстаннан жоғары білімі бар 245 390 адам, аяқталмаған жоғары білімі бар 82 974 адам және арнаулы орта білімі бар 463 323 адам кеткен. Елімізден 1996-2004 жылдар аралығында 184 632 адам кеткен, солардың ішінде 47 563 - техникалық, 37 990 – педагогикалық, 19 266 – медициналық, 18 380 –

экономикалық, 12 061 – сәулет-құрылыс, 9 595 – ауыл шаруашылығы, 4 500 – заңгерлік, 35 277 – басқа маман иелері болған. [6]

Дамыған елдердің тәжірибелері көрсеткендей, ғылыми-техникалық дамудағы интеллектуалды адами капиталдың рөлі аса маңызды. Осыған дәлел ретінде еуропалық елдерден технологиялық дамудан алдыға озған АҚШ-ты айтуға болады. Ғылым жағынан американың ғалымдар еуропалыққа қарағанда кең ауқымда көрсетілген және лазерлі, жартылай дәнекерлі, биогенетикалық технологияларға елеулі әсерін тигізуде. Бұның бәрін әлемдік интеллектуалдардың АҚШ-та шоғырлануының бірден-бір себебі деп айтуға болады. Әрине интеллектуалды миграцияның реттеудегі кең ауқымда мемлекеттік бағдарламалардың үлесі зор. Алайда бұл елдің зияткерлік потенциалын қайта орнына келтіре алмайды. Бұл жағдай ұлттық білім жүйесінің түбегейлі өзгеруін талап ететін процесс. Экономикалық дамудың негізгі факторларының бірі интеллектуалды отандастарымыздың елге оралуы, жастардың елде білім алып, болашақта мемлекеттің көркейуіне жұмыс істеуі, «ақыл-ой ағынын» бәсеңдететін оңтайлы реформалар қажет екені сөзсіз.

Қолданылған әдебиттер тізімі:

1. Юдина Т.Н. Социология миграции - М.: Академический проект, 2006, 181 с.
2. Деловарова Л. Ф., Смагулов К.Е. Миграционные процессы в центральной Азии в контексте глобализации – Алматы: Қазақ университеті, 2019, 117с.
3. Серебренникова А.И., Микронов А.В., Куваева Ю.В., Горохов А.А. Инновация экономика: перспективы развития и совершенствования №7 (17) 216 335с. // Интеллектуальная миграция в России.
4. Цапенко И.П. Научная политика и проблемы развития науки // Интеллектуальная миграция в развитых странах
5. Леденева В.Ю. Социология образования 2, 2014 // Интеллектуальная миграция мировые и российские тенденции.
6. ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика жөніндегі комитеті [Электронный ресурс] – 2019. – <https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/2929764?>
7. Садовская Е. Международная миграция в Казахстане в период суверенитета. Казахстан спектр научный журнал 2016 1(75) 7-426.

**Ғылыми жетекші: Саяси ғылымдар кандидаты,
доцент Жанпейісова Қарғаш Далелханқызы**

УДК 316.4.06.

**Карымбаева Даяна,
Политология, 4 курс,
ЕНУим Л.Н. Гумилева
[Bakhtygerey dayana@mail.ru](mailto:Bakhtygerey_dayana@mail.ru)
Нур-Султан, Қазақстан**

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Доклад посвящен некоторым аспектам социальных процессов в Туркестанской области. Рассматриваются вопросы реализации программных мероприятий, которые должны стать стабильным развитием региона, формирование условий для эффективного функционирования имеющегося ресурсного потенциала, увеличение